

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 196 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 825 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 29, 383-құжат):

1-тармақта "Қызмет" деген сөз "Қызмет-Сервис А" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

реттік нөмірі 21-56-жолда "Қызмет" деген сөз "Қызмет-Сервис А" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 217-6-жолда "Қызмет" деген сөз "Қызмет-Сервис А" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі